

"Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2013 жылғы 4 шілдедегі заңдарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2013 жылғы 31 шілдедегі № 119-е өкіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2013 жылғы 12 қарашадағы № 179-е өкімі

«Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 4 шілдедегі заңдарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2013 жылғы 31 шілдедегі № 119-е өкіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген өкіммен бекітілген Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 4 шілдедегі заңдарын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесінде:

реттік нөмірлері 2, 3, 4, 5 және 6-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

«

2.	Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына міндетті мүшелік жарналардың шекті мөлшерін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ӨДМ	2013 жылғы қараша
3.	Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасына міндетті мүшелік жарналарды төлеу қагидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ӨДМ	2013 жылғы қараша
4.	Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы съезінің шешімдеріне Қазақстан Республикасы Үкіметінің вето қою және келісу рәсімдері арқылы оны еңсеру қагидаларын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ӨДМ	2013 жылғы қараша

5.	Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ӨДМ (жинақтау), Еңбекмині, МГМ, БФМ, ЭБЖМ, Қаржымині, ИЖТМ, ККМ, ҮҚҚ (келісім бойынша)	2013 жылғы қараша
6.	Тауар шығарылған елді айқындау, тауардың шығу тегі туралы сараптама актісін жасау және беру әрі тауардың шығу тегі туралы сертификатты ресімдеу, куәландыру және беру қағидаларын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ИЖТМ (жинақтау), ӨДМ	2014 жылғы мамыр

».

Премьер-Министр

C. Ахметов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК